

Л. Т. ЕРМАХАН

ГАЗЕТ МӘТИНІНДЕ ЭКСПРЕССИВТІ МӘННИҢ БЕРІЛУІНДЕГІ ЭТНОСИЛЬДІК БІРЛІКТЕРДІҢ РӨЛІ

Публицистикалық мәтінге мәнерлілік сипат беру үшін эмоционалды-экспрессивті мәнді білдіретін сөздер колданылады. Оларды көркем әдебиеттегі сияқты эпитет, тенеу, метафора, кейіптеу, инверсия, градация, антитеза, анафора, эпифора т.б. деп бөлуге болады.

Мәтінге образдылық, эмоционалдылық, бағалауыштық мән үстене үшін өсіреле мәтінде және тұрақты тіркестердің периframалануы маңызды. Автор оқырман санасына барынша күшті өсер ету мақсатымен оның дүниетанымында, кең мағынасында алғанда, когнитивтік сана-сында айрықша орын алатын этномәдени мазмұнға ие компоненттері бар тұрақты тілдік қолданыстарға көбірек жүгінетіні байқалады. Ал өзге тілдерден енген жаңа қолданыстарды журналист қосымша мәнде, көбінесе комикалық өсер тудыру үшін қолданғанды жөн көреді. Қалай болғанда да ұлттық табиғатымызға жақын сан ғасырлық тарихы бар этностильдік атаулар казіргі казак баспасөзінде айрықша белсенді қолданылуда десек қателеспейміз. Мұны соңғы екі-үш жыл қолемінде жарық көрген беделді басылымдары-мызға көз жүгірткенде анық анғаруға болады: тілдік метафора сөзге жаңа мағына қосып, оның семантикалық шенберін кенейтіп, әрдайым үздіксіз дамытып отырады. Тілдік метафора жалпы халықтық сипатына қарап дәстүрлі метафора деп те айтылады. Дәстүрлі метафоралық тәсіл бойынша ұқсату заңына сүйеніп, қазақ тілінде көп мағыналы сөздер шықкан [1, 88].

Сөз бойында бейнеліліктің сакталуы, колданыстың сонылығы, жаңалығы секілді белгілері бойынша метафораларды үшке бөлуге болады.

1. Өзінің бейнелі ауыспалы мәнін, сипатын жоғалтқан жалпы тілдік метафоралар. Оларды тек шығу тегі бойынша метафора деп тануға болады. Мысалы: қайықтың тұмсығы, уақыттың зырлауы, таудың етегі т.б.

2. Сөздің бастапқы мағынасымен байланысы үзілмеген жалпы тілдік метафоралар тілімізде көптеп кездеседі. Олар: жалпы халықтық тілдің ұлттық нақышын көрсететін үлкен топ құрайды. Мысалы: «Соның арқасында екінің бірі өздері арман

еткен «темір тұлпарды» тізгінде мінуде» (“Егемен Қазақстан”); «Барша қазактың алтын бесігі атанған республика ауылдары кешегі бір кезеңдерде жекешелендірудің емес, көптеген жағдайларда жеке менишікtenедің кейпін күп, базары тарқаган шақта бұрын онда аунап-қунап, апталап-айлан жаратының қалалықтар сол кезде ат ізін салмай қойды» (“Егемен Қазақстан”); «Егер алтын бесігіміз деп жүрген ауылымызды сақтай алмасақ, ондагы мектептердің бірі қысқарып, бірі жасабылып жатса, тұган тілдің дамуы қалай жеделдемек?» (“Егемен Қазақстан”); «Көшілікке қажетті іс-шараның бәрі сонда откізіледі. Есігін қайта ашқан мәдениет ошагы барлық қажеттіліктермен жабадықталған» (“Президент және халық”); «Одақ ыдырап, оның орнында пайды болған мемлекеттердің кейбіреулерінде саяси дүрбелеңдер өршип, тіпті қарулы қақтығыстарға ұласып жатқанда, кейбір саясаткерсұмайттар «көп ұлттық Қазақстан ұлт-аралық жанжалдың ошагына айналады» деген» (“Егемен Қазақстан”).

3. Индивидуалды авторлық метафоралар жалпы халықтық тілде тұрақтанбаған, жазушының, қаламгердің, публицистің өз киялынан туындаған ауыспалы мәнде қолданылатын сөздер.

Газет мәтінінің адресатқа өсер ету сияқты айрықша қызметтің өз деңгейінде атқару үшін осы соңғы метафора түрі таптырмас құрал болып табылады. Мұнда сөздердің негізгі семантикасына жат, тән емес, тың мағына үстеледі. Бұған жалпы халықтық тілде бұрын соңды тіркеспейтін сөздерді қатар қолдану арқылы қол жеткізіледі. Айталық қазақ ұғымында айрықша құрметті адамдарға ұсынылатын төр – киіз үйдің босағасына қарама-қарсы орын екені мәлім. Халқымыз ежелден жасы үлкен кісілерге – қарияларға, арнайы шакырылған сыйлы конактарға төрін ұсынатын болған. Үйде үлкен кісі немесе қонақ болмаған кезде сол үйдің бойжеткен қызы төрге шығарылатын болған. Бұл – қызды қонақ деп таныған, сыйлаган ұлттық дүниетанымыздан туындағын айрықша дәстүріміз. Сонда төр сөзінің «босаға қарама-қарсы жақ» деген түр мағынасына «құрметті кісілерге арналған орын»

мәні үстеліп, уақыт өте келе ол да архисема дәрежесіне жеткен.

Қазіргі қазақ тілінде **төр** – этномәдени мазмұны бай семантикалық әлеуеті жоғары лексемалардың бірінен саналады. Оның осы қасиетін ақын-жазушылармен қатар журналшылар да шебер пайдаланады. Мұны **төр** лексемасы өзек болған бірнеше авторлық метафоралар қолданыснан көреміз. Мысалы: «Біздің ата-бабаларымыз да қызын құрметтеп, **босага** жаққа отырғызбай үнемі **төр жаққа отырғызған гой**» (“Президент және халық”); «Республика сарайының **төріне** бұл жолы елдің ішіне келген әнши *Тамара Асар шықты*» (“Егемен Қазақстан”); «Алматыдағы барлық балалар үйінің тәрбиеленушілеріне атапты мекемелердің арнағы сыйлықтарын журналистер мен әншилер қауымы тапсырды. *М. Жунісова, А. Мейірбеков, Б. Шадаева, М. Құсайынов* секілді әншилермен қатар **сахна төріне** жасағаннан: бишілер, күйшілер, сазгерлер көтеріліп өнер көрсетті» (“Алматы акшамы”); «Түркия президенті мен жоғары дәрежелі мемлекет қайраткерінің кабинеттерінің, **төріндегі міндетті** түрде тұратын он алты түркі мемлекетінің туларының қасына осы бес мемлекеттің туықсылды» (“Президент және халық”).

Әуел баста үйдің немесе бөлменің жоғарғы бөлігін білдірген **төр** сөзінің мағыналық шенбері кенеңе келе, көптеген жаңа қолданыстарға негіз болған: «Содан кейін астаналықтар мен қала қонақтары елдің **төрі** – елордамыздың сәүлетінен тұмластай тамсанып, оның иғілігін толықтай сезіне алатын болады» (“Егемен Қазақстан”).

Тіліміздің фразеологиялық қорында құрметтей, сыйлау мағынасын беретін **төріне оздыру** түркесі бар. Осы фразеоглизмді түрлендіре қолданған автор оған ел иғілігіне айналдыру деген жаңа мән береді. Мұны **контекстік метафора** деп атаған жөн. Себебі атапты фразеоглизмді мәтіннен тыс алғанда оған үстелген жаңа мән жоғалып кетеді: «Атапты басылымды шып-шырысын шыгармай Түркістанга жеткізу, «Түркология кітапханасы» **төріне оздыру** – таяу күндері орындалар арман» (“Егемен Қазақстан”).

Қазақта жоғары шығарылып, құрмет көрсетілген қонақтардың төрге озғанымен, әдептен озбауы тиіс екендігі – қалыптасқан әлеуметтік норма деуге болады. Бұл ұғым есіктен **кіріп, төр менікі деме** сияқты тыйымдық қолданыста танбаланған. Сондай-ақ қонақжай халқымыз өзге елдің алдында беделге ие болып, абыройы аскактаған азаматты да «жат елдің төріне шыққан ер»

деп дәріптеген. Сонымен кісінің (бөтен елдің) төріне шығу абыройы аскактауы, беделдің артуы мәндерін актуалдайтын қолданыс болып шығады. Қазақ журналшылары елімізде жүзеге асырылуы тиіс мемлекеттік деңгейдегі міндеттердің бірі саналатын «дүниежүзіндегі дамыған елу елдің қатарына қосылу» мақсатын дәріптеп жатқаны белгілі. Қазақ ұғымына салсақ, бұл алемнің **төріне шығу** деген сөз. Журналшы осы мақсатты қалып бұқара санаудың сініріп, қандастарымыздың нағызының қайрай тұсу үшін, оған экспрессивті бояуы күшті сөзді (**менменсіген**) уәжді түрде қолданған: «Менменсіген Еуропаның **төріне шығып, төбе би болу – Ер мен Елдің тарихи ұлы жеңісі, көрекендік пен көл-көсір еңбек жемісі**» (“Егемен Қазақстан”).

Жалпы қазақ табиғатына біреуді кемсіту, корсыту жат саналады. Халқымыз қашан да жақсыны бағалай білген. Мұны өзге этностардың ұлттық мінезін сипаттайтын қолданыстардан (*Түркімен орын берсе де, төрін бермейді т.б.*) байқауға болады. Ал жоғарыда көлтірілген мысалда **менменсіген Еуропа** түркесі бір жағынан атапты мәнінде қорытты мекендейтін кейір халықтар өкілдерінің астамшылдық, өркөкіректік, менменсу сияқты жағымсыз әрекеттеріне берілген орынды баға болса, екінші жағынан, қазақ қауымының санаудың түрткі болу мақсатында қолданылған **төр** сөзінің семантикалық аясының кенеюін, оның әуел бастағы нақтылық мәнінен абстрактылық мәнге ауысуынан да байқалады: «Тәуелсіздікке қол жеткізген он сезіз жылдан бері **тарих төрінен орын алған** ұлан-гайыр жетістіктеріміз де туган халқымыздың мәдени-тарихи құндылықтарына жетатыны анық» (“Алматы акшамы”). «**Бүгінгі қыннін төрінен қараганда, әдеби деңгейінің жоғары екендігіне шубәсіз сендім**» (“Егемен Қазақстан”).

Уақыт өлшеміне жататын тарихта еліміз базынан кешірген қындықтар мен жетістіктер қатар болатыны мәлім. Осылардың ішінде ел тағдыры үшін маңызды рөл аткарған оң өзгерістерді автор жағымды сипатта баяндайды. Демек, оларға тарихта берілетін орын да жоғары болмак. Сонымен авторлық метафоралар газет мәтінінің эмоционалдық-экспрессивтік бояуын күштейту үшін қолданылатын ұтымды тәсіл деуге болады.

Мәтіннің мәнерлілік сипатын күштейту үшін жұмсалатын тәсілдердің бірі – **төңеу** тілімізде қадым заманнан бері қолданылып келе жатқан тұракты төңеулермен қатар, байырғы сөздік қорымыздан алынған этнографизмдерді қатыстыра

отырып жаңаша тенеу мәнін жеткізу тәсілі қазіргі қазақ журналшылары қызметіне тән құбылыс деуге болады. Төмендегі мысалда жалпыхалықтық фразеологиялық қорымыздағы «**алтын асықтай ұл**» тіркесінің мәні жалпыланып, жастарға қатысты жұмсалған: «*Көзі ашық, ойлы, бойлы, алтын асықтай бойжеткендеріміз бен бозбалаларымыз да түсін жатыр*» (“Егемен Қазақстан”).

Тенеудің сонылығына және бірегейлігіне қазіргі сөзжасамда пассив колданылатын көне атаулар арқылы да қол жеткізуге болады: «*Нүре-кен сынды қайраткердің мектебінен, АҚШ сынды алпауыттың сынинан өткен, жықтылы көп саясаттың ұңғыл-шұңғылын білетін Қанат Бекмырзаұлынан асырып айта алмасақ та, ол санамалаған жеңіске жету себептері мен әлем алдында алда да Ел мен Ердің абырайы биік болатынына деген семсердей сертті сөзіне толық қосыламыз*» (“Егемен Қазақстан”).

Оқырман санасына өсер етудің тиімді бір жолы ретінде тіл білімінде маңызды синонимдік құрал деп саналатын **перифраздарды** атауға болады. **Перифраз** дегеніміз – белгілі бір сөзді немесе ұғымның сипаттамалы түрде жеткізілуі. Газет мәтінінде ол жеке тұлғаны, затты немесе бір құбылысты бейнелі түрде сипаттап, сөйлемінгे эмоционалды бағалауыштық мән үстөу үшін қолданылады. Мұнда мәтін авторының өзі баяндап отырған окифа-құбылысқа қатысты пікірі айшықталатындықтан, перифраздарды pragmatikaлық тәсіл деп тануға негіз бар.

Әсіресе фразеологиялық оралымдардың газет мәтінінде перифраздануы жіңінеккесе көзіміз жетті. Мұның бір себебі, тұракты тіркестердің өзінің ауыспалы мәнде жұмсалу қасиетіне қатысты болса керек. Мысалы: «*Ауылымыздың облыс орталығынан шалгайлау орналасқаны болмаса түтініміз түзу, тұрмысымыз бақуатты*» (“Егемен Қазақстан”); «*Еліміздің келешиегі – осы жастар десек, соларды тәрбиелеп, болашаққа тұтқа болатын мамандар дайындау – стратегиялық маңызды міндеттердің бірі*» (“Президент және халық”); «*Тарихи тамырлар екі халықтың үміт күтіп үкілеп ұстап отырған ортақ оқы орны буын-буын ұрпақ тәрбиелейді, халқымызды әлі талай қуанышқа болейді*» (“Егемен Қазақстан”); «*Қырық шырақты келін ерге қарасын, ер жерге қарамасын; Жаман келін жоқ, келіннің келген жері жақсылық үясы болгай*» (“Алматы ақша-

мы”), «*Әркімнің кіндік қаны тамған жері Мысыр шаһарынан артық болатыны да содан*» (“Алматы ақшамы”); «*Өрісіміз ұзарып, іргеміз кеніп жастаса, бұдан артық бақыт жосқ*» (“Алматы ақшамы”).

Келтірілген мысалдардағы перифраздарға тіліміздің асыл қазынасынан алғынған мынадай тұракты қолданыстар негіз болған: *түтіні түзу шығу* (берекелі тұрмыс, бейбіт өмір); *ел тұтқасы – ер азамат, үкілеп бәйгеге қосу, әйел – қырық шырақты; әйел – ерге қараган, ер жерге қараган заман, жақсы жерге келген келін – келін, жаман жерге келген келін – келсан, әркімнің тұган жері – Мысыр шаһары, өрісі кеніді, қолы ұзарды*.

Корыта айтқанда, газет мәтінінің негізгі қызметтерінің бірі – өсер ету функциясы ондағы бейнелі қолданыстардың есебінен жүзеге асырылады. Мұнда тіліміздің байырғы сөздік қабатын құрайтын этностильдік бірліктердің алатын орны ерекше. Тарихи сөздік құрамның едөуір бөлігі болып саналатын мұндағы қолданыстардың семантикалық аясы қаншалықты кең болса, олар арқылы жеткізілтін ұғымдардың эмоционалды-экспрессивтік өлеуеті де соншалықты жоғары болмақ. Әсіресе тіліміздің фразеологиялық коры автордың прагматикалық ұстанымына сәйкес түрлене қолдануға бейім екендігі байқалады. Алайда мәтіннің интерпретациялануында оқырманың аялық білімінен бөлек контекстің рөлі айрықша болмақ. Яғни мәтінде арнаулы, тын экспрессивті мән үстелген этностильдік қолданыстар контекстен тыс алғанда атальыш сипатын біршама жояды деуге болады.

ӘДЕБИЕТ

1. Қалиев Б., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 2003. 88 б.
2. Вакуров В.И. Стилистика газетных жанров. М., 1981. С. 227.
3. Егемен Қазақстан. 10.11.2007; 16.11.2007; 27.11.2007; 30.11.2007; 03.12.2007; 5.12.2007; 07.12.2007; 11.12.2007.
4. Президент және халық. 20.02.2009;
5. Алматы ақшамы. 03.03.09; 05.03.09;

Резюме

Рассматривается роль этностилистических единиц, выражавших экспрессивные значения в газетных текстах.

Summary

The article discerns the role of ethnosemantic units in transfer expressive meaning of newspaper texts.